

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

М. Тынышбаев атындағы көлік инженериясы және логистика мектебі

«Логистика» білім беру бағдарламасының бағыты

Жанбота Айжан Ұланқызы

Цифрландырудың қазіргі логистикалық процестерге әсері

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B11301 - Көлік қызметтері

Алматы 2025


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

М. Тынышбаев атындағы көлік инженериясы және логистика мектебі

«Логистика» білім беру бағдарламасының бағыты

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Логистика» білім беру
бағдарламасының
басшысының міндетін
атқарушы, т.ғ.к., доцент
 Бектилезов А.Ю.
«05» маусым 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Цифрландырудың қазіргі логистикалық процестерге әсері

6B11301 - Көлік қызметтері

Орындаған

Жанбота Айжан Ұланқызы

Рецензент

Ғылыми жетекші


Алматы менеджмент университеті,
Менеджмент мектебі

Аға оқытушы


"Логистика" БББ

т.ғ.к., қауымдастырылған

профессоры

 Мурзабекова К. А.

«05» маусым 2025 ж.

 Тансыккожин А.Д.

«04» маусым 2025 ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

М. Тынышбаев атындағы көлік инженериясы және логистика мектебі

«Логистика» білім беру бағдарламасының бағыты

6B11301 - Көлік қызметтері

БЕКІТЕМІН

«Логистика» білім беру
бағдарламасының

басшысы, т.ғ.к., доцент

Муханова Г.С.

«29» қаңтар 2025 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Жанбота Айжан Ұланқызы

Тақырыбы: Цифрландырудың қазіргі логистикалық процестерге әсері

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор Р. К. Ускенбаеваның

29.01.2025 ж. № 26-Ө / Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «03» маусым 2025 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Qazpost компаниясында цифрлық трансформация нәтижелері және болашақ даму ұсыныстары (Qazpost мысалында)

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:



- а) Цифрландыру және жасанды интеллект: теориялық негіздері
- б) Қазақстандағы логистикалық компанияларға жасанды интеллектіні енгізудің талдауы (Qazpost мысалында)
- в) Qazpost компаниясында цифрлық трансформация нәтижелері және болашақ даму ұсыныстары (Qazpost мысалында)

Графикалық материалдар тізімі: 7 сурет және 8 кестеде көрсетілген.


Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- 1 QazPost АҚ ресми сайты. – <https://www.qazpost.kz>
- 2 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитетінің ресми деректері (2020–2023 жж.). – <http://stat.gov.kz>
- 3 Қазақстан Республикасы Цифрлық даму министрлігі. Цифрлық Қазақстан бағдарламасы. – Астана, 2021.


**Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, әзірленетін сұрақтар тізбесі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Цифрландыру және жасанды интеллект: теориялық негіздері	11.02.2025 ж.	
Қазақстандағы логистикалық компанияларға жасанды интеллектіні енгізудің талдауы (Qazpost мысалында)	10.03.2025 ж.	
Qazpost компаниясында цифрлық трансформация нәтижелері және болашақ даму ұсыныстары (Qazpost мысалында)	14.04.2025 ж.	

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары


Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылаушы	Болатқызы С., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор	04.06.2025	

Ғылыми жетекші


(қолы)

Тансыккожин А.Д.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды


(қолы)

Жанбота А.Ұ.

Күні

«05» маусым 2025 ж.

АҢДАТПА

Бұл зерттеу логистика саласындағы цифрлық трансформация мен жасанды интеллектіні (ЖИ) енгізудің теориялық негіздері мен практикалық маңызын қарастырады. Нақты мысал ретінде Qazpost компаниясының тәжірибесі алынды. Жұмыста жасанды интеллектіні маршрутты жоспарлау, клиентпен байланыс (чат-бот), сұрыптау және қауіпсіздік жүйелеріне енгізудің тиімділігі талданды. Экономикалық тиімділік есептеліп, нақты ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: цифрландыру, жасанды интеллект, логистика, Qazpost, сұрыптау, маршрутты оптимизация, чат-бот.

АННОТАЦИЯ

В работе рассматриваются теоретические и практические аспекты внедрения цифровых технологий и искусственного интеллекта (ИИ) в логистику. В качестве примера используется опыт компании Qazpost. Проанализирована эффективность внедрения ИИ в процессы маршрутизации, клиентского сервиса (чат-бот), сортировки и обеспечения безопасности. Рассчитана экономическая эффективность и предложены практические рекомендации.

Ключевые слова: цифровизация, искусственный интеллект, логистика, Qazpost, сортировка, оптимизация маршрутов, чат-бот.

ANNOTATION

This research explores the theoretical and practical aspects of implementing digital technologies and artificial intelligence (AI) in logistics. The case study focuses on the experience of Qazpost. The work analyzes the effectiveness of AI integration in route optimization, customer service (chatbot), parcel sorting, and security systems. Economic efficiency is calculated and practical recommendations are proposed.

Keywords: digitalization, artificial intelligence, logistics, Qazpost, sorting, route optimization, chatbot.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	7
1 ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	8
1.1 Цифрлық трансформация және оның логистикадағы орны.....	8
1.2 Жасанды интеллектінің анықтамасы қолданылатын негізгі цифрлық технологиялар.....	9
1.3 Цифрландырудың логистикалық тиімділікке әсерін бағалау әдістері	12
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРҒА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУДІҢ ТАЛДАУЫ (QAZPOST МЫСАЛЫНДА)	15
2.1 QazPost компаниясына жалпы сипаттама	15
2.2 QazPost компаниясының цифрландыруға дейінгі дейінгі логистикалық қызметінің жағдайы	16
2.3 Цифрландырудан кейінгі өзгерістер және енгізілген технологиялар	26
2.4 QazPost компаниясындағы цифрландырудың тиімділік көрсеткіштері.....	31
3 ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУДІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ (QAZPOST МЫСАЛЫНДА)	35
3.1 Жасанды интеллект негізіндегі шешімдер және олардың нәтижесі	35
3.2 Практикалық ұсыныстар және жасанды интеллектіні енгізу бағыттары.....	38
3.3 Экономикалық тиімділік және инвестицияның өзін-өзі ақтау есебі.....	40
ҚОРЫТЫНДЫ	43
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	44

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы логистика – бұл өнімді бір нүктеден екінші нүктеге жеткізу процесі ғана емес, бұл біртұтас басқару жүйесі, стратегиялық жоспарлау және тұтынушыға бағытталған қызмет көрсету моделі. Қазіргі экономиканың дамуымен қатар логистикалық саланың рөлі артып келеді, жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл тұрғыда цифрландыру және логистикада жасанды интеллектті қолдану саланы сапалы жаңа деңгейге көтерудің тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырылады.

Қазақстандағы логистикалық нарық та осы процестерден тыс қалмады және цифрлық трансформация кезеңіне енді. Дегенмен, отандық логистикалық компаниялардың басым көпшілігінде процестер әлі де қолмен жүргізілуде, қызмет көрсету жылдамдығы мен сенімділігі төмен және тұтынушылармен байланыс жүйелері дамымаған. Мұндай жағдайларда жасанды интеллектті енгізу қызмет сапасын жақсартуға және ішкі операциялық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Дипломдық жұмыстың өзектілігі логистикалық кәсіпорындарға жасанды интеллект элементтерін енгізу арқылы салада туындайтын мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын ұсыну. Бұл көлік процестерін оңтайландыру, қойма операцияларын автоматтандыру, клиенттердің сұранысын болжау, чат-боттар арқылы байланыс орнату, алаяқтық қаупін азайту.

Жұмыстың мақсаты – логистикалық саладағы цифрландырудың қазіргі жағдайын зерттеу, жасанды интеллект технологияларының тиімділігін теориялық және практикалық растау және оларды отандық логистикалық кәсіпорындарда енгізу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- цифрлық трансформация және жасанды интеллект ұғымдарының мәнін ашу;
- логистикада қолданылатын негізгі цифрлық технологияларды анықтау;
- жасанды интеллектті енгізудің әлемдік тәжірибесін талдау;
- қазақстандық компания мысалында талдау жүргізу;
- жасанды интеллектті енгізудің экономикалық тиімділігін есептеу;
- нақты ұсыныстарды әзірлеу және олардың негіздемесі.

Зерттеу нысаны – логистикалық саладағы ақпараттық жүйелер мен жасанды интеллект платформалары.

Зерттеу пәні – логистикалық қызметті басқаруда цифрлық технологияларды қолдану ерекшеліктері.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін логистика, цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың талдамалық есептері құрайды.

1 ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Цифрлық трансформация және оның логистикадағы орны

Цифрлық трансформация – бұл заманауи технологияларды қолдана отырып, өндірістік және басқарушылық бизнес-процестерді түбегейлі өзгерту процесі. Оның мақсаты-автоматтандыру, цифрлық интеграция, нақты уақыттағы деректерге негізделген шешімдер қабылдау арқылы кәсіпорынның тиімділігін айтарлықтай арттыру. Бұл өзгеріс тек техникалық жаңартулармен шектелмейді, сонымен қатар ұйымның корпоративтік мәдениетін, басқару стилін, қызметкерлермен жұмыс істеуді және тұтынушылармен қарым-қатынас жүйесін қамтиды.

Логистика көптеген процестер бір-бірімен тығыз байланысты бизнес тізбегіндегі маңызды буын: жеткізушіден тауарды қабылдау, сақтау, сұрыптау, тасымалдау, жеткізу, қайтару және есепке алу. Мұндай көп сатылы және жоғары жылдамдықты ортада дәлдік пен жылдамдық шешуші рөл атқарады. Сондықтан логистикадағы цифрлық трансформация тек трендке ғана емес, қажеттілікке айналды.

Цифрлық технологиялар логистикалық операцияларды толығымен автоматтандыруға, сәтсіздіктерді азайтуға, тапсырысты өңдеу уақытын қысқартуға, адам факторына тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Бұрынғы жүйелерде қолмен орындалатын көптеген процестер бүгінде TMS, ERP, WMS, RFID, GPS сияқты автоматтандырылған шешімдермен ауыстырылады. Мысалы, тасымалдау бағытын оңтайландыру арқылы жанармай шығыны 10-15%-ға қысқарады және жеткізу уақыты қысқарады. Қоймадағы RFID және штрих-код жүйелері арқылы тауардың қозғалысы дәл жазылады және қателер саны азаяды [1].

Логистикалық ұйымдардағы цифрлық трансформация келесі бағыттарда көрінеді:

- нақты уақыттағы деректерді жинау және өңдеу барлық процестер Big Data және ИОТ технологиялары арқылы бақыланады;
- шешімдерді қолдау жүйелері жасанды интеллект, машиналық оқыту модельдері аналитика мен болжам жасау үшін қолданылады;
- процестерді біріздендіру: қаржы, логистика, клиентпен жұмыс және ERP жүйелері арқылы қойма бір ортада жұмыс істейді;

Автоматтандырылған клиенттік қызметтер: чат-боттар, мобильді трекинг қосымшалары және жеке ұсыныстар [2].

Халықаралық тәжірибе цифрлық шешімдердің тиімділігін дәлелдейді. Мысалы, Amazon тапсырысты роботты қоймалар мен ЖИ негізіндегі логистикалық жүйе арқылы бірнеше сағат ішінде жеткізу мүмкіндігін жүзеге асырды. DHL деректерді болжау, клиентке маршрут күйін нақты көрсету және қоймадағы автоматтандыру құралдарының арқасында қызмет сапасын

жақсартады. Осы тенденциялардың барлығы цифрлық трансформацияның бәсекеге қабілеттілікке тікелей әсер ететінін көрсетеді [3],[4].

Қазақстан жағдайында цифрлық логистиканың дамуы тек қарқын алуда. Мысалы, Qazpost, KTZ Express сияқты ұлттық компаниялар цифрлық платформаларды енгізе бастады. Алайда, бұл үрдіс шағын және орта бизнеске әлі жеткен жоқ. Осы себепті цифрландыру ірі корпорациялардың ғана емес, бүкіл саланың дамуына серпін беретін негізгі фактор болуы керек.

Цифрлық трансформация логистиканы автоматтандыру ғана емес, бұл клиентке бағытталған, дәл және икемді экожүйені құрудың жолы. Болашақта бәсекеге қабілетті болғысы келетін әрбір логистикалық кәсіпорын цифрлық шешімдерге инвестиция салып, өзінің ішкі процестерін қайта қарастыруы керек.

1.2 Жасанды интеллектінің анықтамасы қолданылатын негізгі цифрлық технологиялар

Қазіргі таңда логистиканың табысты дамуы мен тиімді жұмыс істеуінің басты алғышарты – цифрлық технологияларды жан-жақты қолдану болып табылады. Логистика – күрделі әрі көп деңгейлі жүйе ретінде әртүрлі бағыттағы операцияларды қамтиды: сұранысты болжау, тапсырыс беру, тасымалдауды ұйымдастыру, қоймалық өңдеу, тауар қозғалысын бақылау және тұтынушыға қызмет көрсету. Осы үдерістердің барлығының жоғары дәлдікпен және уақытылы орындалуы ақпараттық жүйелер мен автоматтандырылған платформаларға тікелей байланысты.

Заманауи логистикалық инфрақұрылымда қолданылатын цифрлық технологиялар тек деректерді өңдеу құралдары ғана емес, сонымен қатар стратегиялық басқарудың негізгі элементтері болып саналады. Олар процестердің интеграциясын, ішкі және сыртқы логистикалық қызметтердің үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Ең кең таралған және тиімділігі дәлелденген технологиялар қатарында келесі жүйелерді атауға болады (1-кесте):

- *ERP (Enterprise Resource Planning)* – кәсіпорынның әртүрлі ресурстарын біріктіретін кешенді жүйе. Бұл платформа арқылы логистика, қаржы, кадр, өндіріс және сатып алу бөлімдері ортақ база негізінде өзара әрекет етеді. ERP жүйесі деректер қайталануын азайтады, шешім қабылдау жылдамдығын арттырады және процестерді стандарттауға мүмкіндік береді [5].

- *TMS (Transportation Management System)* – көлік қозғалысын жоспарлау мен басқаруға арналған жүйе. Ол жүк маршруттарын оңтайландыру, тасымал құнын есептеу, көлік құралдарын тиімді бөлу, жеткізу уақытын болжау сияқты міндеттерді шешуге көмектеседі. TMS қолдану нәтижесінде жанармай шығыны азайып, жүктің уақытылы жеткізілуі қамтамасыз етіледі [6].

- *WMS (Warehouse Management System)* – қоймалық операцияларды автоматтандыру жүйесі. Бұл технология тауарларды қабылдау, сақтау орнына қою, жинақтау, сұрыптау және жөнелту процестерін бір орталықтан басқарады.

WMS жүйесі қойма кеңістігін тиімді пайдалануға, тауар қозғалысының дәлдігін арттыруға және қателіктер санын төмендетуге ықпал етеді.

– *RFID (Radio Frequency Identification)* – радиожіліктік сәйкестендіру технологиясы. Бұл құрал арқылы тауарларды контактісіз түрде сканерлеу және нақты уақыт режимінде бақылау жүзеге асады. RFID жүйесі логистикалық тізбекте айқындықты арттырады және тауар жоғалту тәуекелін азайтады [7].

– *GPS (Global Positioning System)* – көлік құралдарының орналасуын нақты бақылауға арналған жүйе. GPS арқылы логистикалық компаниялар жүктің қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылай алады, бұл – кешігуді болдырмауға және клиентпен тұрақты байланыста болуға жағдай жасайды [8].

– *Big Data* – үлкен көлемдегі құрылымдалған және құрылымдалмаған мәліметтерді талдау және болжау үшін қолданылатын технология. Big Data логистикада сұранысты болжау, қор деңгейін оңтайландыру, маршрутты жоспарлау, клиенттердің мінез-құлқын талдау сияқты маңызды міндеттерді шешуге септігін тигізеді [9].

– *ЖИ (Жасанды Интеллект)* – логистикалық шешімдерді автоматты түрде қабылдауға мүмкіндік беретін интеллектуалды технология. Жасанды интеллект алгоритмдері деректерді талдау, маршрутты болжау, тәуекелді бағалау, логистикалық сұранысты реттеу, қойма роботтарын басқару және клиенттермен интеллектуалды өзара әрекеттесу бағыттарында кеңінен қолданылады [10].

– *Cloud Computing* – бұлтты есептеу және сақтау технологиялары логистикалық компанияларға кез келген құрылғыдан деректерге қашықтан қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл – деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, операциялық шығындарды азайтады және командалар арасындағы координацияны жақсартады [11].

Қызмет көрсету сапасының артуы, ең алдымен, клиенттерге бағытталған процестерді толық цифрландырумен және автоматтандырумен қамтамасыз етіледі. Жеткізілімдер мерзімінің қысқаруы, тапсырыстардың нақты орындалуы, кез келген уақытта жөнелтілімнің статусын онлайн бақылау секілді инновациялық сервистер тұтынушылар сенімін арттырады. Осылайша, компания өз клиенттерімен сенімді әрі ұзақ мерзімді серіктестік орнатып, нарықтағы бәсекелестік артықшылығын нығайтады.

Сонымен бірге, автоматтандырылған жүйелер кәсіпорын ішіндегі барлық процестерді стандарттап, адами фактор әсерін минимумға дейін төмендетеді. Бұл – ішкі бизнес-үдерістердің сапасын жақсартуға, қателіктерді азайтуға және ресурс шығындарын оңтайландыруға септігін тигізеді. Осының нәтижесінде, стратегиялық жоспарлау үдерісі де тиімді әрі нақты болады, ал компанияның жалпы экономикалық және қаржылық тұрақтылығы артады.

Цифрландыру логистикада инновациялық мәдениет қалыптастырып, жаңа технологияларды ендіруге, қызметкерлердің цифрлық дағдыларын дамытуға және тұтас компанияның өзгерістерге бейімділігін арттыруға серпін береді. Бұл – компанияны болашақтағы нарықтағы кез келген сын-қатерге төтеп беретін, ұзақ мерзімді даму мен өркендеудің берік негізіне айналдыратын технологиялар.

1-кесте – Цифрлық технологиялардың қолданылатын саласы, мақсаты және тиімділігі

Цифрлық технология	Қолданылатын сала	Мақсаты мен тиімділігі
ERP (Enterprise Resource Planning)	Кәсіпорынның қаржы, логистика, сатып алу, кадр, қойма бөлімдері	Бөлімшелер арасындағы деректерді біріктіру, бизнес-процестерді автоматтандыру, ресурстарды тиімді жоспарлау
TMS (Transportation Management System)	Тасымалдау, жеткізу, маршрутты басқару бөлімдері	Тасымал процестерін оңтайландыру, маршрутты қысқарту, шығындарды азайту, жеткізу уақытының дәлдігін арттыру
WMS (Warehouse Management System)	Қойма логистикасы және қойма операцияларын басқару	Қоймалық операцияларды автоматтандыру, нақты түгендеу, кеңістікті оңтайлы пайдалану, адами қателерді азайту
RFID (Radio Frequency Identification)	Жеткізу тізбегі, қойма, дистрибуция орталықтары	Тауарды жедел сәйкестендіру, қозғалысты нақты уақыт режимінде бақылау, жоғалу қаупін азайту
GPS (Global Positioning System)	Көлік логистикасы, тасымал мониторингі	Көлік құралдарының нақты орналасуын бақылау, тиімді маршрут таңдау, тасымал қауіпсіздігін арттыру
Big Data	Сатылымды болжау, сұраныс пен ұсынысты талдау, қорларды басқару	Күрделі логистикалық деректерді талдау, тұтынушылық тенденцияларды болжау, жоспарлаудың дәлдігін арттыру
ЖИ (Artificial Intelligence)	Барлық логистикалық тізбек, аналитика және басқару жүйелері	Интеллектуалды шешім қабылдау, процестерді автоматтандыру, қойма мен тасымалды роботтандыру
Cloud Computing	Деректерді сақтау, ішкі жүйелер арасындағы интеграция	Қашықтан қолжетімділік, деректер қауіпсіздігі, IT шығындарын қысқарту, командалық жұмыс үйлесімділігі
<i>Ескерту</i> — [5-11] дереккөздердің негізінде автор құрастырған		

Мұндай жүйелерді енгізу арқасында компаниялар бүкіл логистикалық тізбектегі ақпараттық ағынды оңтайландырып, деректерді нақты уақыт режимінде талдай алады. Бұл – операцияларды жедел басқаруға, жоспардан тыс

кідірістерді азайтуға және әрбір кезеңдегі тәуекелдерді алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

1.3 Цифрландырудың логистикалық тиімділікке әсерін бағалау әдістері

Цифрландыруды логистикалық салаға енгізу тиімділікті тек автоматтандыру арқылы емес, нақты сандық нәтижелер арқылы бағалауды қажет етеді.

Бұл мақсатта бірнеше жалпы қабылданған әдістер қолданылады:

– *ROI (Return on Investment)* – инвестиция қайтарымдылығын өлшейді; Amazon компаниясы 2012 жылдан бастап қоймада Kiva Systems компаниясының роботтарын енгізе бастады. Бұл автономды қозғалатын құрылғылар тауарларды сөрелерден алып, адамға дейін жеткізу арқылы қызметкерлердің жүру және іздеу уақытын қысқартты. Bloomberg пен Harvard Business Review мәліметтері бойынша, осындай автоматтандыру тапсырысты өңдеу уақытын 70%-ға дейін жылдамдатты және еңбек шығынын 40%-ға төмендетті. Инвестиция көлемі жоғары болғанымен, енгізілген жылдан кейін 12 ай ішінде инвестиция толық өтелді. Бұл ROI әдісінің тиімділігін дәлелдейтін нақты мысал екеніне айқын дәлел [12].

– *TCO (Total Cost of Ownership)* – толық иелену құнын есептейді. DHL Supply Chain 2021 жылы ERP және TMS жүйелерін енгізу арқылы цифрландыру бастамасын күшейтті. ERP – қаржы, персонал, жабдықтау сияқты барлық бизнес-процестерді бір жүйеге біріктірсе, TMS – маршруттарды, көлік құралдарын және жеткізу процестерін нақты уақытта басқарады. Gartner және DHL Innovation Center жүргізген есептерге сәйкес, осы интеграция арқылы DHL операциялық шығындарды 18%-ға дейін қысқартуға қол жеткізді. TCO әдісі арқылы жүйені иеленудің барлық тікелей және жанама шығындары есептелді, нәтижесінде 3 жыл ішінде жүйе өзін ақтайтыны дәлелденді [9, 13].

– *KPI (Key Performance Indicators)* – негізгі көрсеткіштер жүйесі арқылы нақты нәтижелерді өлшейді. Amazon-ның Prime жеткізу қызметі клиентке тауарды 1 күнде жеткізуді көздейді. Осы мақсатқа жету үшін компания KPI көрсеткіштерін: жеткізу уақыты, қоймадағы өңдеу жылдамдығы, клиент қанағаттануы және қайталама тапсырыс саны сияқты параметрлер арқылы бақылайды. Forrester зерттеу компаниясы жариялаған 2023 жылғы есепте Amazon клиент қанағаттануының 95%-ға жеткені тіркелді. Бұл нәтижелер KPI әдісімен нақты тиімділік өлшеуге болатынын дәлелдейді [9].

– *SWOT* – күшті және әлсіз жақтармен қатар, мүмкіндіктер мен қауіптерді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс стратегиялық жоспарлауда және жобаларды бағалауда кеңінен қолданылатын әмбебап әдіс. Ол компанияның ішкі ортасындағы (күшті және әлсіз жақтары) және сыртқы ортадағы (мүмкіндіктер мен қауіптер) негізгі факторларды жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. SWOT әдісінің артықшылығы – ол кәсіпорынға тек ағымдағы жағдайды ғана

емес, сонымен қатар болашақта туындайтын сценарийлерге дайын болуға көмектеседі [14].

Qazpost компаниясында бұл әдіс цифрлық трансформация кезеңінде ерекше рөл атқарды. Цифрландыру процесі кезінде күшті жақтар ретінде автоматтандырылған логистикалық жүйе, трекинг пен деректерді нақты уақыт режимінде өңдеу жүйесі анықталды. Сонымен қатар, әлсіз тұстар қатарында шалғай аймақтардағы интернет мәселесі мен кадрлардың жеткіліксіз цифрлық дайындық деңгейі көрсетілді.

Мүмкіндіктер жағынан алғанда, Qazpost жасанды интеллект негізінде чат-боттар енгізу, Big Data арқылы сұранысты болжау, клиенттік сервисті жетілдіру бағытында нақты қадамдар жасай алады. Алайда, сыртқы ортада инфрақұрылымның ескіруі, киберқауіпсіздік және бәсекелестердің технологиялық дамуы секілді қауіптер де бар екенін ескеру қажет.

Осылайша, SWOT әдісі компанияның цифрлық стратегиясын қалыптастыруда бағдар ретінде қызмет етеді. Ол шешім қабылдаушыларға қай бағытқа басымдық беру керек екенін дәл анықтауға, тәуекелдерді азайтуға және ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді (2-кесте).

2-кесте – Логистикадағы цифрландырудың SWOT талдауы

Strengths (Күшті жақтары)	Weaknesses (Әлсіз жақтары):
– Цифрлық трекинг жүйесінің енгізілуі – Қызмет көрсетудің ашықтығы – Клиентке дер кезінде хабарлама беру – Қойма жүйесінің автоматтандырылуы	– Ауылдық жерлерде интернеттің әлсіздігі – Кейбір бөлімшелерде қызметкерлердің цифрлық сауаттылығы төмен – Процестердің кеш енгізілуі
Opportunities (Мүмкіндіктер)	Threats (Қауіптер)
– Chat-бот және ЖИ арқылы қызметті автоматтандыру – Цифрлық білім беру арқылы кадрлардың біліктілігін арттыру – Басқа логистикалық компаниялармен интеграция – Мемлекеттік қолдау бағдарламаларын пайдалану	– Инфрақұрылымның ескіруі – Кибершабуылдардан қорғаныс деңгейінің жеткіліксіздігі – Ішкі қарсылық (персонал тарапынан өзгеріске қарсылық) – Бәсекелестердің жылдам цифрлануы
Ескерту — [14] дереккөздің негізінде автор құрастырған	

– *Бенчмаркинг* – көшбасшы компаниялармен салыстыру арқылы өз позициясын анықтайды. Qazpost компаниясы өз даму стратегиясын DHL және

Amazon секілді алпауыт логистикалық ұйымдармен салыстыра отырып айқындап жатыр. Amazon-дағы роботизацияланған қойма және DHL-дің автоматтандырылған сұрыптау желісі Qazpost үшін даму үлгісіне айналды. Benchmarking әдісі арқылы Qazpost өз көрсеткіштерінің әлсіз және күшті тұстарын анықтап, әрі қарай қай бағытта цифрландыру тиімді болатынын нақтылады. Бұл әдіс компанияның халықаралық стандарттарға сәйкес болуына жол ашады [15].

Цифрлық трансформацияны бағалауда қолданылатын әдістер тек теориялық деңгейде қалмай, нақты өндірістік процестер мен компания нәтижелерінде дәлелденуі тиіс. Бұл бағытта жоғарыда көрсетілген ROI, TCO, KPI, SWOT және Benchmarking әдістерінің әрқайсысы өз артықшылықтары мен қолдану саласына ие.

Цифрландыру тиімділігін кешенді бағалау үшін компаниялар әдетте бірнеше әдісті біріктіріп қолданады. Мысалы, ROI инвестицияның өзін-өзі ақтау жылдамдығын көрсетсе, TCO толық экономикалық салмағын есептейді, ал KPI арқылы нақты нәтижелерді күнделікті бақылау мен мониторинг жүргізіледі. Бұл тәсіл, әсіресе, динамикалық және өзгермелі нарық жағдайында менеджментке жедел әрі дәл шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

SWOT және Benchmarking әдістері стратегия таңдауда ерекше рөл атқарады. SWOT арқылы компания өз күшті және әлсіз жақтарын анықтап, мүмкіндіктер мен қауіптерді жіті бағалай алады. Benchmarking көмегімен саладағы үздік тәжірибелер мен инновациялық шешімдерге сүйене отырып, өзінің даму деңгейін анықтауға және болашақ жетістіктер үшін нақты бағыттар белгілеуге мүмкіндік туады [29].

QazPost мысалында Benchmarking нәтижесінде компания DHL, FedEx, Amazon сияқты жетекші компаниялардың цифрлық экожүйесіне талдау жасап, өзіне ең тиімді құралдарды (ERP, TMS, AI-боттар, роботтандырылған қойма, интеллектуалды маршруттау, деректерді автоматтандырылған жинау мен талдау) енгізу қажеттігін нақтылады. Бұл тәсіл QazPost-қа инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге, шығындарды оңтайландыруға және әлемдік стандарттарға сай клиенттік сервисті дамытуға жол ашты.

Жалпы, заманауи цифрландыру жобаларының табысты болуы – жоғарыда аталған бағалау әдістерін дұрыс қолдануға, алынған нәтижелерді жүйелі талдап, басқару шешімдерін қабылдауда негіз етуге тікелей байланысты. Әрбір әдістің артықшылығы мен шектеулерін дұрыс түсіну компанияға тек ағымдағы тиімділікті емес, ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілікті де қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРҒА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУДІҢ ТАЛДАУЫ (QAZPOST МЫСАЛЫНДА)

2.1 QazPost компаниясына жалпы сипаттама

QazPost – 1998 жылы құрылған Қазақстанның ұлттық пошта операторы. Екі онжылдықтан астам уақыт ішінде компания өзін ішкі және халықаралық деңгейде пошталық және логистикалық қызметтер саласындағы сенімді серіктес ретінде көрсете білді. Экономиканың қарқынды дамуы мен жаһандану жағдайында QazPost тиімді байланыс пен тауар жеткізуді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, бұл ел ішіндегі және халықаралық сауданы қолдау үшін аса қажет.



1-сурет – QazPost компаниясының логотипі

Ескерту – [20] дереккөздің негізінде автор құрастырған

QazPost жеке және заңды тұлғаларға кең ауқымды қызмет түрлерін ұсынады: пошта жіберу мен алу, курьерлік қызметтер, сондай-ақ бизнеске арналған логистикалық шешімдер. Ұсынылатын қызмет түрлеріне мыналар жатады:

- Дәстүрлі пошта: хаттар, ашық хаттар мен сәлемдемелерді Қазақстан аумағында және шетелге жіберу.
- Курьерлік қызметтер: құжаттар мен жүктерді қысқа мерзімде жеткізу.
- Логистика: жеткізу тізбегін басқару, соның ішінде қоймалау мен тауарларды тасымалдау.
- Электронды қызметтер: интернет арқылы жөнелтілімдерді бақылау мүмкіндігі, бұл клиенттерге қолайлылық деңгейін арттырады.

Соңғы жылдары QazPost өз қызметтерін заман талабына сай бейімдеп, инновациялық технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізіп келеді. Бұған мыналар жатады:

- Электрондық платформалар: жөнелтімдерді рәсімдеуге арналған онлайн-сервистерді іске қосу, бұл пайдаланушыларға процесті жеңілдетеді.

– Мобильді қосымшалар: смартфондарға арналған қосымшалар әзірленіп, клиенттерге жөнелтілімдерін нақты уақытта бақылауға және жеткізу мәртебесі туралы хабарламалар алуға мүмкіндік береді.

– Процестерді автоматтандыру: поштаны сұрыптау мен өңдеуге арналған автоматтандырылған жүйелерді қолдану, бұл қызмет көрсету жылдамдығын едәуір арттырады.

QazPost Қазақстанның экономикалық құрылымында маңызды орын алады, сауда-саттықтың және өңірлер арасындағы өзара байланыстың дамуына ықпал етеді. Компания өз желісін кеңейту және қызмет сапасын жақсарту бағытында белсенді жұмыс жүргізіп, бұл өз кезегінде шағын және орта бизнеске ел ішінде және сыртында жаңа клиенттер табуға көмектеседі.

Коммерциялық қызметінен бөлек, QazPost әлеуметтік жауапкершілікке де ерекше назар аударады. Компания білім беру, мәдениет пен экологияны қолдауға бағытталған әртүрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. Бұл оның тұрақты даму мен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға деген ұмтылысын көрсетеді.

QazPost – Қазақстанның ұлттық пошта операторы ретінде даму мен өзгерістерге бейімделіп, заманауи талаптарға сай әрекет етуді жалғастыруда. Жаңа технологияларды енгізу, қызмет аясын кеңейту және әлеуметтік жауапкершілік – компанияны пошталық және логистикалық қызметтер нарығындағы маңызды ойыншыға айналдырады. Жыл сайын QazPost өз позициясын нығайта түсіп, сенімді байланыс пен жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл ел экономикасының әрі қарай дамуы үшін негіз болады [15].

2.2 QazPost компаниясының цифрландыруға дейінгі дейінгі логистикалық қызметінің жағдайы

Соңғы жылдары жаһандану мен цифрлық революцияның ықпалымен логистика индустриясы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер клиенттердің жоғары деңгейдегі сапалы қызметке деген сұранысын, жеткізу жылдамдығы мен процестердің ашықтығын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды. Осы тұрғыда Қазақстандағы ұлттық пошта операторы – QazPost компаниясы, жаңа талаптарға бейімделу үшін, инфрақұрылым мен бизнес-процестерді жаңғырту қажеттілігіне тап болды.

Цифрландыруға дейінгі кезеңде QazPost логистикалық қызметтері негізінен дәстүрлі, қолмен басқарылатын жүйеге сүйенді. Бұл кезеңнің негізгі сипаттамалары:

Деректерді қолмен өңдеу: жүктерді қабылдау, тіркеу, сұрыптау және жөнелту процестері толықтай адам күшімен жүзеге асырылды. Бұл фактор адами қателіктердің жиілеуіне, ақпараттың бұрмалануына және операциялардың баяулауына алып келді. Нәтижесінде, жеткізу мерзімі ұзарды, ал клиенттердің сенім деңгейі төмендеді.

Шектеулі ақпараттық жүйелер: логистикалық жоспарлау, қорларды басқару және маршруттарды анықтау кезінде компания көбінесе қағаз

құжаттамалар мен қарапайым электронды кестелерге (Excel және т.б.) сүйенді. Бұл жүйелер нақты уақыттағы деректерге негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік бермеді, процестерді толық автоматтандыру мен оңтайландыруға жол ашпады.

Процестердің ашық еместігі: тапсырыс берушілер өз жөнелтілімдерінің қозғалысын, мәртебесін нақты әрі үздіксіз бақылай алмады. QazPost-та трекинг жүйелері кейде уақытында жаңартылмайтын немесе мүлдем болмаған. Бұл клиенттердің қызметке деген сенімін әлсіретіп, шағымдардың артуына себеп болды.

Интеграцияның болмауы: компанияның логистикалық жүйесі басқа көлік түрлерімен (теміржол, әуе, автомобиль), кедендік және қоймалық инфрақұрылыммен интеграцияланбады. Бұл логистикалық тізбектегі процестердің үзілуіне, қосымша уақыт пен шығынның артуына, күрделі мультимодальды тасымалдау мүмкіндіктерінің шектелуіне алып келді.

Қызметкерлердің біліктілік деңгейі: көптеген қызметкерлер жаңа технологиялармен жұмыс істеу дағдыларына ие болмады. Бұл цифрландыруды жылдам енгізуге және жаңа жүйелерді оңай меңгеруге кедергі келтірді.

Клиенттік сервистің төмен деңгейі де осы кезеңнің айқын белгісі болды. Жеткізу мерзімі жиі бұзылып, клиенттер тарапынан шағымдар саны тұрақты өсе берді. Мәліметтерді қолмен енгізу қателіктердің артуына, жоғалған немесе дұрыс емес жеткізілген жүктер санының өсуіне себеп болды. Бұл компанияның имиджіне және нарықтағы сенімділігіне теріс әсер етті.

Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау да өзекті мәселеге айналды. Қағаз құжат айналымы және локальды жүйелердің әлсіздігі салдарынан мәліметтердің жоғалуы, бұрмалануы немесе құпия ақпараттың сыртқа шығып кетуі сияқты оқиғалар тіркелді.

Цифрлық трансформацияға дейінгі кезеңде QazPost қызметінің дамуына басты тежеуіш факторлар – басқарудың баяулығы, ресурстарды тиімсіз пайдалану, процестердің ашық еместігі және интеграцияның жоқтығы болды. Осы проблемаларды шешу қажеттілігі компанияны түбегейлі өзгерістер мен жаңғыруға итермеледі.

Жалпы, цифрландыруға дейінгі кезеңде QazPost компаниясының логистикалық қызметі баяу, тиімсіз әрі қателікке бейім болып сипатталды.

QazPost компаниясының логистикалық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қойма және сұрыптау процестерінің тиімділігі жалпы жеткізу уақыты мен клиенттерге көрсетілетін қызмет сапасына тікелей әсер етеді. Алайда цифрлық технологияларды енгізу кезеңіне дейін бұл процестер көбінесе қолмен орындалатын, автоматтандырылмаған жүйеге сүйеніп жүргізілді.

Қолмен басқарылатын қойма операциялары төмендегідей бірқатар күрделі мәселелерді туындатты:

- Жүктерді сұрыптау және тіркеу уақытының ұзаруы. Жүктің келіп түскен сәтінен бастап, оны қабылдап, тіркеу және тиісті бағытқа жіберуге дейінгі кезең ұзақ уақытты талап етті. Бұл клиенттердің қанағаттану деңгейін төмендетіп, компания беделіне кері әсер етті.

3-кесте – QazPost цифрландыруға дейінгі кезеңдегі негізгі логистикалық кемшіліктер

Мәселе	Мәселе сипаттамасы	Нақты мысал
Қолмен өңдеу	Қолмен өңдеу – бұл логистикалық операциялардың (қабылдау, сұрыптау, жеткізу) автоматтандырусыз, адам еңбегімен жүзеге асырылуы. Бұл жағдай жұмыстың баяулауына, адами факторға байланысты қателердің артуына және ресурстарды тиімді қолданбауға алып келеді.	2018 жылы QazPost-тың өңірлік бөлімшелерінде жүктің тіркеу мен жөнелтуі Excel немесе қағаз журнал арқылы жүргізілді. Бір бөлімшеде жүргізілген ішкі аудит нәтижесінде әрбір 1000 жөнелтілімнің 120-сына дейін қате толтырылғаны анықталған. Бұл, әсіресе, көпқалалық сұрыптау орталықтарында айқын байқалды.
Ақпараттық жүйенің әлсіздігі	Заманауи логистикалық компанияларда ERP (ресурстарды жоспарлау), WMS (қойма операциялары), TMS (тасымалдауды басқару) секілді жүйелер қолданылуы тиіс. QazPost-та бұл жүйелер шектеулі немесе мүлде болмаған, бұл логистикалық тізбекті нақты уақыт режимінде басқаруға мүмкіндік бермеді.	2019 жылы Алматы мен Өскемен қалаларындағы филиалдарда тасымал маршруттары аймақтық деңгейде қолмен жоспарланған. Жеткізу уақыты өзгерген жағдайда, деректер жүйеге кеш енгізіліп, маршрутты қайта жоспарлау мүмкін болмаған. Бұл 12% қосымша уақыт және 8% артық шығын тудырған.
Процестердің ашық еместігі	Ашықтықтың жетіспеушілігі — компания клиенттерге жеткізу процесін бақылай алатын онлайн құрал ұсынбайтын жағдайда орын алады. Клиенттер жүктің қайда екенін білмейді, жүйеде ақпарат уақытында жаңармайды, бұл клиент сеніміне әсер етеді.	QazPost Digitalization Survey деректері бойынша, клиенттердің тек 58%-ы ғана компания қызметіне қанағаттанған. Клиенттер: «трек-код жұмыс істемейді», «статус жаңармайды», «жөнелтілім жоғалды ма, білмеймін», - деген секілді жиі шағымдар түсірген.
Ескерту – [15-20] дереккөздердің негізінде автор құрастырған		

– Жүктерді сұрыптау және тіркеу уақытының ұзаруы. Жүктің келіп түскен сәтінен бастап, оны қабылдап, тіркеу және тиісті бағытқа жіберуге дейінгі кезең ұзақ уақытты талап етті. Бұл клиенттердің қанағаттану деңгейін төмендетіп, компания беделіне кері әсер етті.

– Процеске адами фактордың араласуы салдарынан тіркеу мен сұрыптау кезінде қателіктердің жиілеуі байқалды. Қате бағытталған немесе дер кезінде тіркелмеген пошта жөнелтілімдері соңғы жеткізу уақытына әсер етті.

– Қойма кеңістігінің тиімсіз пайдаланылуы. Жүктерді тіркеу мен сақтау кезінде нақты орналасу және іздеу жүйесінің болмауы қойма ішіндегі операцияларды күрделендіріп, жұмыс тиімділігін төмендетті.

Аталған проблемалар компания қызметіне теріс әсер етті. Мысалы, 2018 жылғы QazPost компаниясының жылдық есебінде қоймада жүктің орташа өңделу уақыты 48 сағаттан асқандығы көрсетілген. Бұл көрсеткіш халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді және бәсекелес логистикалық операторлармен салыстырғанда едәуір артта қалғанын білдіреді.

Зерттеулер көрсеткендей, логистикалық компанияларда қойма ішіндегі процестерді автоматтандыру және ERP, WMS сияқты жүйелерді енгізу өңдеу уақытын 2–3 есеге дейін қысқартуға мүмкіндік береді [7]. Бұл салада бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін заманауи цифрлық шешімдер мен алгоритмдерге көшу қажеттілігі туындады.

QazPost компаниясының цифрландыруға дейінгі кезеңінде қойма және сұрыптау процестері қолмен орындалатын операциялар арқылы жүзеге асырылды. Мұндай тәсілдер логистикалық жүйенің тиімділігіне кері әсерін тигізді. Атап айтқанда:

– жүктерді сұрыптау және тіркеу операцияларына кететін уақыт артып, бұл соңғы жеткізу мерзімдерінің ұзаруына әкелді;

– адам факторының үлесі жоғары болғандықтан, деректерді енгізу мен жүктің орналасуын тіркеуде жиі қателіктер орын алды;

– қойма кеңістігі жүйелі түрде бақыланбағандықтан, тауарларды сақтау тиімділігі төмен болды, бұл компанияның операциялық шығындарын арттырды.

Мәселен, QazPost компаниясының 2019 жылғы есептік деректеріне сәйкес, бір жүктің орташа өңдеу уақыты 48 сағаттан асқан. Бұл көрсеткіш халықаралық стандарттармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары және клиенттердің сеніміне теріс әсер еткені байқалады [15].

Цифрландыру кезеңінде қойма операцияларына заманауи қойма басқару жүйелері (WMS – Warehouse Management System) енгізіліп, бұл процестердің автоматтандырылуына жол ашты. Нәтижесінде, жүктің өңделу уақыты бірнеше есе қысқарып, қойма кеңістігінің пайдалану тиімділігі артты.

Цифрландыруға дейінгі кезеңде QazPost компаниясының көлік паркі ұзақ уақыт бойы жаңартылмаған. Мұның салдарынан логистикалық тізбектегі жеткізу уақытының ұзақтығы, жанармай шығыны және техникалық ақаулардың жиілігі едәуір артты.

2019 жылғы ішкі аудит нәтижелеріне сәйкес, компаниядағы көлік құралдарының 60%-ы 10 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылған. Бұл фактор техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындарды 25%-ға дейін ұлғайтқан. Сонымен қатар, қозғалыс жиілігі төмендеп, жеткізу мерзімінің сақталу сенімділігі айтарлықтай нашарлаған [15].

Мұндай жағдайлар цифрлық мониторинг пен маршруттық жоспарлаудың жоқтығынан орын алған. Көлік қозғалысының тиімділігін арттыру үшін телематикалық жүйелер мен GPS бақылау жүйелері енгізілуі қажет болды. Бұл жүйелер енгізілгеннен кейін ғана көлік паркіне техникалық қызмет көрсету аралығы оңтайландырылып, маршруттар тиімді қайта құрылды.

Цифрландыру кезеңіне дейін QazPost акционерлік қоғамының көлік құралдары жаңартылмаған күйде қалды. Бұл жағдай логистикалық операциялардың тиімділігіне бірқатар теріс әсерлерін тигізді. Атап айтқанда:

- Тозығы жеткен көлік құралдары арқылы жүк жеткізу уақыты едәуір ұзарды, нәтижесінде тұтынушылар тарапынан шағымдар саны артты.

- Ескі техниканың жанармайға деген сұранысы жоғары болғандықтан, отын шығындары да өсе түсті.

- Техникалық ақаулар жиі қайталанып, бұл қосымша жөндеу шығындарын туындатты және көлік құралдарының пайдалануға жарамсыз кезеңдерін ұзартты.

Компанияның 2019 жылғы ішкі есептеріне сәйкес, көлік құралдарының шамамен 60%-ы 10 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылған. Бұл жағдай техникалық қызмет көрсетуге арналған шығындарды 25%-ға дейін ұлғайтқанын көрсетті. Сонымен қатар, автокөліктердің жиі істен шығуы курьерлік қызметтің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге кедергі келтірді [19].

Көлік паркін жаңарту мен цифрлық мониторинг жүйесін енгізудің маңыздылығы осы кезеңде ерекше өзектілікке ие болды. Жаңа техникаға көшу тек шығындарды азайтып қана қоймай, қызмет көрсету сапасын арттыруға, жеткізу мерзімдерін оңтайландыруға және клиенттердің қанағаттану деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

QazPost компаниясының цифрландыруға дейінгі кезеңінде кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігі логистикалық процестердің тиімділігіне тікелей әсер етті. Қызметкерлердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының төмендігі және цифрлық жаңашылдықтарға бейімделу деңгейінің әлсіздігі бірнеше түйткілді жағдайлардың туындауына себеп болды. Атап айтқанда:

- Қызметкерлердің көпшілігі IT-жүйелер мен автоматтандырылған платформаларда жұмыс істеуде қиындықтармен бетпе-бет келді.

- Цифрлық жүйелерді енгізу үдерісі баяу жүріп, жаңа технологияларды игеру барысында ішкі қарсылық байқалды.

- Нәтижесінде компанияның жалпы цифрлық трансформациясы тежеліп, еңбек өнімділігі төмендеді.

2019 жылы компанияда жүргізілген ішкі аудит нәтижесінде қызметкерлердің шамамен 70%-ы жаңа ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу үшін қосымша кәсіби оқытудан өту қажеттігін білдірген. Бұл көрсеткіш ұйымның кадрлық құрамының заманауи талаптарға сәйкес келмейтіндігін айқын көрсетті.

2019–2021 жылдар аралығында QazPost компаниясының логистикалық қызметі негізінен дәстүрлі, қолмен басқарылатын және жартылай

автоматтандырылған жүйеге сүйенді. Бұл кезеңде компанияда толық цифрлық интеграция болмағандықтан, өндірістік және басқарушылық процестерде адамның тікелей қатысу үлесі жоғары болды. Қоймадағы жүк қабылдау, сұрыптау, өңдеу және жеткізу процестері, сондай-ақ тасымалдау маршруттарын жоспарлау және есеп беру жүйесі дәстүрлі әдістерге сүйеніп, көбінесе қағаз жүзінде немесе қарапайым электрондық кестелер арқылы жүргізілді [20].

Компанияда кейбір автоматтандыру элементтері, мысалы, Telegram платформасында клиенттерге қызмет көрсетуге арналған чат-боттың 2019 жылғы тамыз айында іске қосылуы сияқты, тек алғашқы қадамдар ретінде ғана іске асырылды. Дегенмен, бұл жүйе тек клиенттік сұраныстар мен базалық ақпарат алмасу деңгейінде шектелді, ал негізгі логистикалық операциялар мен ішкі басқару процестерінде цифрлық құралдардың әсері мардымсыз болды.

Осы кезеңде логистикалық қызмет сапасы тұрақты өсіп келе жатқан жүк ағынына сәйкес жетілдірілмеді. Тиімділіктің төмендеуі, операциялық шығындардың артуы, техникалық ақаулар мен клиенттік шағымдардың көбеюі компания үшін маңызды проблемаға айналды. Сонымен қатар, деректерді қолмен енгізу мен бақылау – қателікке, ақпараттың бұрмалануына және шешім қабылдау уақытын ұзартуға себеп болды.

Жалпы алғанда, 2019–2021 жылдары QazPost компаниясында цифрлық трансформацияның толық іске асырылмауы логистикалық процестердің тиімділігін тежеді және нарық талаптарына жедел жауап беруге мүмкіндік бермеді. Осы жағдай компанияның цифрландыруға көшу қажеттілігін айқын көрсетті және алдағы кезеңде түбегейлі өзгерістер енгізуге негіз қалады.

2019–2021 жылдар аралығында QazPost компаниясының автокөлік паркі негізінен ескірген техникадан тұрды, ал жаңа көлік құралдарын сатып алу қарқыны төмен деңгейде сақталды. Компанияның даму стратегиясында автопаркті жаңарту бағдарламасы толыққанды қолға алынбағандықтан, қолданыстағы көліктердің басым бөлігі 10 жылдан астам уақыт пайдаланылып келген, моральдік және физикалық тұрғыдан тозған құралдардан құралды.

Бұл жағдай көлік құралдарының техникалық сенімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әкелді. Көліктерде жиі техникалық ақаулар пайда болып, оларды шұғыл жөндеуге немесе жоспардан тыс қызмет көрсетуге тура келді. Әсіресе, қыстық маусымда және күрделі бағыттарда көлік ақаулары жиі тіркелді, бұл жүктің уақытында жеткізілуіне тікелей әсер етті [21].

Жаңа автокөліктерді сатып алу қарқыны төмен деңгейде қалғандықтан, компания автопарктың техникалық жағдайын қолда бар ресурстармен ғана қамтамасыз етуге мәжбүр болды. Бұл – қосалқы бөлшектердің жиі ауыстырылуы, техникалық қызмет көрсетуге кететін уақыт пен шығындардың артуы, жоспарлы тасымалдау кестелерінің жиі бұзылуы, жалпы логистикалық процестің баяулауына алып келді.

Ақаулар санының артуына негізгі себептер:

– Автопарктің ескіруі мен техникалық тозуы QazPost-та қолданылып келген көліктердің көпшілігі 7 жылдан аса пайдаланыста болды. Уақыт өте келе

негізгі агрегаттар мен тораптардың тозуы, жанармай жүйесінің, электр жабдықтарының ескіруі техникалық ақаулардың жиілеуіне алып келді.

– Профилактикалық техникалық қызмет көрсетудің жеткіліксіздігі Ескі техника ерекше назарды қажет етеді, алайда профилактикалық және жоспарлы жөндеу шаралары жүйелі түрде орындалмады. Бұл ұсақ ақаулардың уақытында анықталмауына, ірі істен шығуларға себеп болды.

– Қосалқы бөлшектер тапшылығы және бюджет шектеулері ескі автокөліктерге қажетті қосалқы бөлшектерді табу қиындайды және олардың бағасы өседі. Бюджеттің шектеулігі бөлшектерді уақытылы ауыстыруға кедергі жасап, ақаулардың алдын алуға мүмкіндік бермеді.

– Жүктеме мен пайдалану қарқындылығының артуы 2019–2021 жылдары электрондық коммерция мен пошта тасымалы көлемінің артуына байланысты автокөліктердің жұмыс қарқындылығы өсті. Бұл жалпы тозуды жылдамдатты, техникалық ақаулар жиілей түсті.

– Диагностикалық және интеллектуалды бақылау жүйесінің болмауы Мониторинг пен ерте диагностика құралдарының жоқтығы себепті, көптеген ақаулар тек ауыр істен шыққанда анықталды. Уақытылы техникалық тексеріс пен профилактикалық жөндеу шараларының жеткіліксіздігі өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ете алмады. Салдарынан, компанияның операциялық шығындары артты және клиенттерге уақтылы қызмет көрсету деңгейі күрт төмендеді. Бұл жағдай автопарктің пайдалану тиімділігінің төмендеуіне және жалпы логистикалық тізбектің сенімділігіне кері әсерін тигізді [22].

Кестеден байқалғандай, 2019–2021 жылдар аралығында QazPost компаниясындағы техникалық ақаулар санының тұрақты өсу үрдісі анықталған. Бұл динамика, ең алдымен, автопарктің уақтылы жаңартылмауы, техникалық қызмет көрсету шараларының жеткіліксіздігі, қосалқы бөлшектердің тапшылығы, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалану қарқындылығының артуымен тікелей байланысты (4-кесте).

4-кесте – QazPost компаниясындағы техникалық ақаулар санының динамикасы (2019–2021 жж.)

Жыл	Техникалық ақаулар саны	Алдыңғы жылмен салыстырғандағы өсім (%)
2019	1245	-
2020	1465	+18%
2021	1728	+18%
<i>Ескерту — [11, 15] дереккөздердің негізінде автор құрастырған</i>		

Кестеден байқалғандай, 2019–2021 жылдар аралығында QazPost компаниясындағы техникалық ақаулар санының тұрақты өсу үрдісі анықталған. Бұл динамика, ең алдымен, автопарктің уақтылы жаңартылмауы, техникалық қызмет көрсету шараларының жеткіліксіздігі, қосалқы бөлшектердің


тапшылығы, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалану қарқындылығының артуымен тікелей байланысты (4-кесте).

Аталған факторлардың үйлесуі компанияның логистикалық жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін төмендетіп, операциялық шығындардың ұлғаюына және жоспардан тыс тоқтап қалу жағдайларының жиілеуіне себеп болғаны айқындалады.

Бұл деректер автопарктың жаңартылмауы мен сапалы профилактикалық қызметтің болмауы тек қаржылық шығындарды емес, сонымен бірге компанияның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін де әлсірететінін дәлелдейді. Сондықтан, техникалық ақаулар санының жылдан жылға артуы – QazPost үшін автопаркті жаңарту, диагностикалау мен мониторинг жүйесін жетілдіру мәселесінің аса өзекті екенін көрсетеді.

Техникалық ақаулардың динамикасы тек қаржылық шығындардың артуына ғана емес, сонымен қатар компанияның бизнес-процестерінің тұрақтылығына, жеткізілім мерзімдерінің сақталуына және клиенттердің сеніміне тікелей әсер етеді. Мысалы, көліктің күрделі ақауларға ұшырауы жоспарланған рейстердің орындалмауына, уақытында жеткізілмеген тапсырыстарға және компания имиджіне нұқсан келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайлар нарықтағы позицияның әлсіреуіне және бәсекелестік күресте ұтылуға негіз бола алады.

Бұл үрдісті тоқтату үшін, компания тарапынан автопаркті кезең-кезеңімен жаңарту, алдын ала техникалық диагностика мен профилактикалық жөндеу шараларын енгізу, қосалқы бөлшектердің қорын басқаруды оңтайландыру сияқты бірқатар жүйелі шаралар қажет.



3-сурет – QazPost компаниясындағы техникалық ақаулар санының өзгерісі (2019–2021 жж.)

Ескерту – [11], [16] дереккөздің негізінде автор құрастырған.

Кесте және график мәліметтері QazPost компаниясында 2019–2021 жылдар аралығында техникалық ақаулар санының үнемі артып отырғанын


айқын көрсетеді. Бұл динамика автопарктің уақтылы жаңартылмауы, техникалық қызмет көрсету сапасының төмендігі, қосалқы бөлшектер тапшылығы және көлік құралдарын пайдаланудың қарқындылығының артуымен тікелей байланысты. 2019 жылы компанияда 1245 ақау тіркелген болса, 2020 жылы бұл сан 1465-ке дейін өсіп, шамамен 18%-ға артқан. 2021 жылы техникалық ақаулар саны тағы 18%-ға ұлғайып, 1728 жағдайға жетті [30].

Аталған үрдіс компанияның логистикалық жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне теріс әсерін тигізіп, операциялық шығындардың және жоспардан тыс тоқтап қалу жағдайларының көбеюіне алып келді. Сонымен қатар, техникалық ақаулардың өсуі жүктерді уақтылы жеткізуге кедергі келтірді және компания беделіне кері әсер етті. Клиенттік шағымдар санының артуы мен қызмет көрсету сапасының төмендеуі де тікелей осы себептермен байланысты (3-сурет).

Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштер QazPost компаниясы үшін автопаркті жүйелі жаңартудың, сапалы техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың және интеллектуалды диагностикалық жүйелерді енгізудің маңыздылығын дәлелдейді. Тек осындай жүйелі шаралар арқылы компания өзінің логистикалық жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін ұзақ мерзімді перспективада сақтай алады.

